

1 GENERAL AND SOCIAL PSYCHOLOGY

ЖАЛПЫ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ПСИХОЛОГИЯ

ОБЩАЯ И СОЦИАЛЬНАЯ ПСИХОЛОГИЯ

FTAXP 15.01.11
ӘОЖ 159.99

<https://doi.org/10.46914/2959-3999-2024-1-1-7-15>

ЕРМЕНТАЕВА А.Р.,*¹

п.ғ.д., профессор.

*e-mail: a.ermentayeva@turan-edu.kz

ORCID ID: 0000-0002-6860-384X

КОЛЕВА И.,²

п.ғ.д., профессор.

e-mail: kolevaira@gmail.com

ORCID ID: 0000-0002-4881-5482

¹«Тұран» университеті,

Алматы қ., Қазақстан

²Әулие Климент Охридский

атындағы София университеті,

София қ., Болгария

СТУДЕНТТЕРДІҢ ӨМІР ТІРШІЛІГІНДЕГІ ӘЛЕУМЕТТІК-ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕР

Андатпа

Мақалада студенттердің өмір сапасы және өмірге қанағаттануының маңызы талданды. Студенттердің өмір сапасы, өмірге қанағаттануы және өмір тіршілігіндегі әлеуметтік-психологиялық мәселелер өзара байланыста қарастырылды. Әрі теориялық талдау нәтижесінде студенттердегі әлеуметтік-психологиялық мәселелері олардың өмір сапасының, өз өмірлеріне қанағаттануының анықтауыштары, факторлары, алғы-шарттары ретінде негізделді. Студенттердің өмір тіршілігіндегі әлеуметтік-психологиялық мәселелер 2023–2024 оқу жылында психологиялық, педагогикалық білім беру бағдарламалары бойынша Алматы, Астана, Семей, Өскемен, Павлодар сияқты республикалық ЖОО-ларда оқитын 521 болашақ мамандардың сауалнамаға берген жауаптары арқылы анықталды. Сыналушылар жауаптарынан алынған әлеуметтік-психологиялық мәселелердің өзара ықпалдастықтағы сипаты белгілі болды. Талдау арқылы белгілі болған 114 әлеуметтік-психологиялық мәселелер 9 санатқа бөлініп, жіктелді. Әр санат бойынша сандық көрсеткіштердің мәндері студенттердің өмір тіршілігіндегі әлеуметтік-психологиялық мәселелердің ауқымдылығын, әржақтылығын, көпфакторлығын айқындады. Сонымен қатар Пирсон корреляциялық коэффициенті арқылы студенттердің өмір тіршілігіндегі әлеуметтік-психологиялық мәселелердің өзара тәуелдігі, бір-бірімен байланысы статистикалық мәнді болды. Мақала деңгейінде анықталған өмір тіршілігіндегі әлеуметтік-психологиялық мәселелер студенттердің өмір сапасын, олардың өз өміріне қанағаттану деңгейін арттырудың қазіргі қазақстандық қоғамдағы аса күрделі де өзекті мәселе екенін көрсетті.

Тірек сөздер: әлеуметтік-психологиялық мәселелер, қарама-қайшылық, өмірге қанағаттану, өмір сапасы, студент, субъект, субъектілік.

Кіріспе

1960 жылдан бастап адам тіршілігінің әр саласын зерттеушілер өмір сапасының түрліше анықтамаларын, әр негіздегі концептуалды тұрғылары пайда бола бастайды [1]. Өмір сапасы – физикалық және психологиялық қанағатты, қаржылық тәуелсіздікті, әлеуметтік қатынастар жүйесін, тұлға сенімдері мен әлеуметтік жағдайларды қамтитын адам тіршілігінің әртүрлі аспектілерін танып, білу үшін қолданылатын күрделі және көп қырлы ұғым [2]. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы (ДДСҰ) кейіннен өмір сүру сапасын адамның өзі өмір сүретін мәдениет пен құндылықтар жүйесі контекстінде және өз мақсаттарына, күтулеріне, стандарттарына және міндеттеріне қатысты өз өмір жағдайын қабылдауы бойынша қарастыруға нұсқау жасайды [3].

Ертеректе Б.Г. Ананьев, Ш. Бюллер, Л.Н. Грановская, В.Т. Лисовский, Х. Ремшидт, Н.А. Рыбников, В.Е. Смирнов, Е.И. Степанова, Э. Торндайк, Э. Эриксон, Э. Шпрангер және т.б., қазіргі кезде А.А. Вербицкий, И.А. Зимняя, И.С. Кон, Х.Т. Шерьязданова, М.В. Буланова-Топоркова, А.Р. Ерментаева, С.И. Самыгин, М. Дзугкоева сияқты зерттеушілердің пікірінше адамның бүкіл өмір тарихында, жалпы онтегенетикалық дамуында жасөспірімдік пен жастық шақ маңызды орын алады. Физикалық, психологиялық, әлеуметтік және жыныстық дамудың осы кезеңдерінде жасөспірімдер мен жастар жауапкершілік, дербестік, белсенділік сияқты субъектілік қасиеттерді «жағдайдан тыс» (В.А. Петровский) негізде біртіндеп жанақұрылым ретінде дамытады. Сонымен қатар қазіргі жоғары оқу орындары білімді және дағдыны жетілдіруге басты назар аударады. Осыған орай білім алушылардың әлеуметтік-психологиялық өмір сапасын арттыру, олардың өз өміріне қанағаттануы көбіне теориялық-практикалық мәселелер ретінде қарала қоймайды.

Ал, жас ерекшеліктеріне байланысты биологиялық және әлеуметтік-психологиялық факторлардың ықпалы ЖОО студенттерін кейде бейсубъектілік мінез-құлыққа ұрындыруы ықтимал [4].

Бейсубъектілік мінез-құлық, өз кезегінде студенттердің өмір сапасына теріс әсер етуі мүмкін. Сондықтан кейбір зерттеулер бойынша студенттердің өмір сүру сапасы төмен деңгейді көрсетеді екен [5–7].

Олай болса, білім алушы жастардың өз өмірлеріне субъективті қанағаттануы мен субъектілік дамуын, кәсіби дағдылары мен өмір сүру сапасын арттыруын зерттеуді психологиялық ғылым мен тәжірибеде өзекті мәселе деп санаймыз.

Сондықтан соңғы жылдары зерттеушілер тұлғадағы өмірге қанағаттана алудың әлеуметтік-психологиялық алғышарттарын, психологиялық детерминанттарын, предикторларын, заңдылықтарын, механизмдерін және сипаттамалық ерекшеліктерін ашуға ерекше мән беруде.

Осыған орай студенттердің өз өмір сапасына кері әсер ететін әлеуметтік-психологиялық мәселелерді анықтау міндеті қойылды.

Осы ұстаным негізінде ең алдымен өз тіршілік әрекетінің субъектісі болатын студенттердің әлеуметтік-психологиялық мәселелерін өздерінің саналы аңғаруы, олардың өз өміріне қанағаттануы өзекті зерттеу мәселесі болады.

Зерттеу объектісі – өмір сапасы мен студенттердің өз өмірлеріне қанағаттануы.

Ал, студенттердегі әлеуметтік-психологиялық мәселелер зерттеу пәнін анықтайды.

Зерттеу мақсаты өмір сапасына, өз өмірлеріне қанағаттануына бейнеленетін студенттердегі әлеуметтік-психологиялық мәселелердің мазмұнын, өзара тәуелдігін анықтау болады.

Материалдар мен әдістер

Зерттеу объектісі мен пәніне орай психологиялық концепциялар, теориялар, эксперименттік нәтижелер зерттеу материалдары болады.

Зерттеу тақырыбы мен мақсатына байланысты студенттердегі әлеуметтік-психологиялық мәселелердің сандық және сапалық көрсеткіштерін талдау, жинақтау, нақтылау, жалпылау үшін ашық сауалнамалар зерттеу әдістері ретінде қолданылады.

Зерттеу процедурасы және сыналушылар. Зерттеу мақсаты мен қисынына орай студенттердің өмір сапасына, өз өміріне субъективті қанағаттануына кері әсері болатын әлеуметтік-психологиялық мәселелерді зерттеу алға қойылды.

Сауалнама 2023–2024 оқу жылында қазан айынан ақпанға дейін жүргізілді.

Психологиялық, педагогикалық білім беру бағдарламалары бойынша Алматы, Астана, Семей, Өскемен, Павлодар сияқты республикалық ЖОО-ларда оқитын 521 болашақ мамандар сыналушы болып, кездейсоқ, анонимді және ерікті түрде онлайн қатысты.

Сыналушылардың орташа жас мөлшері $21,71 \pm 2,84$ болды.

Сыналушыларға өзінің осы шақтағы өміріне толымды қанағаттануына кері әсер ететін әлеуметтік-психологиялық мәселелердің 10 түрін тізбектеп жазу тапсырылды. Әр әлеуметтік-психологиялық мәселесіне сыналушылардың тарапынан Лайкерт стилінде 1-ден 10 балға дейін субъективті бағалануы қажет болды. Сауалнама Google Форма платформасында жүргізілді.

Әдебиетке шолу

Өмірге қанағаттану – студенттердің өзіне, өз тағдырына деген субъектілік және субъективті қатынасын анықтайтын көп қырлы, көп параметрлі, динамикалық, күрделі ықпалдастықтағы құрылым. Бұл құрылым «субъективті эмоциялық-бағалаушы қатынаспен сипатталатын және іс-әрекетке, ізденуге, ішкі және сыртқы объектілерді басқаруға әсер ететін ынталандырушы күшке ие» [8] когнитивтік, эмоциялық-еріктік процестермен кірігеді.

Бүгінгі таңда өмірге қанағаттанудың іргелі және қолданбалы мәселелеріне арналған ғылыми жұмыстар жеткілікті: бақыттың психологиялық теориялары (М. Аргайл, М. Селигман, И.А. Джидаран және т.б.); қоғамдағы әлеуметтік контексте өмірге қанағаттанудың айырмашылықтарын тұжырымдайтын теориялар (Р. Истерлин, Н.Ж. Әуелбекова, Н.С. Ахтаева және Д.А. Клепиков т.б.); студенттердің субъективті қанағат концепциялары (Е. Динер, С. Любомировский, Л.В. Куликов, А.Р. Ризуллал, А.Р. Ерментаева және Қ.С. Әділжанова т.б.)

Біздің зерттеулерімізде оқуына, іс-әрекетіне, қарым-қатынасына, өзін-өзі жүзеге асыруына, денсаулығына субъективті қанағаттану студенттердің өмір сапасының арту шарты ретінде тұжырымдалады [9–11].

Негізгі ережелер

Жастардың, студенттердің өз өмір сапасын арттыруда, өз өміріне субъективті қанағаттануында тіршілік әрекетіндегі әлеуметтік-психологиялық мәселелерді саналы аңғаруы мен шеше алуы бәрінен маңызды. Себебі «Адам өмірінде ішкі мен сыртқы, пішін мен мазмұн, сана мен іс-әрекет, бейне мен әрекет, аффект пен зият, ішкі және сыртқы пішіндер, бірінші мен екінші Мен, жан мен тән және т.б. арасындағы үйлесімнің (немесе бірлік) болуы өтпелі сәттер ғана. Олар тек шартты түрде ғана бір-біріне сәйкес келеді... Шынайы өмір олардың арасындағы кернеу мен қарама-қайшылықтарды жеңуден тұрады. Бұлар адам дамуының қайнар көзі мен қозғаушы күшін құрайды» [12, 289 б.].

Тұлғаның қарама-қайшылықтарды шеше алу ресурсы субъектіліктің мүмкіндіктері мен қасиеттері ретінде (С.Л. Рубинштейн, К.А. Абулханова, А.Р. Ерментаева т.б.); стресске төзімділік стратегиялары, күресу тетіктері ретінде (Р. Лазарус, С. Хобфолл, С. А. Хазова, Қ. Мұздыбаев және т.б.); тұрақтылықтың алғышарттары ретінде (С. Мадди, Д.Н. Леонтьев, А.Р. Ерментаева және Ж. Хамит т.б.); психологиялық капиталдың негізі ретінде (А.Р. Ерментаева мен А. Тұрсынбек т.б.); ассертивтіліктің құрамдас бөліктері ретінде (М. Лэндэсбал, Х. Опатхе, Б. Хикмат, А.Р. Ерментаева және А. Қалжанова, т.б.); және т.б. қарастырылады.

Сонда, зерттеушілердің ғылыми ұстанымдарына байланысты қарама-қайшылықтарды шеше алу тұлғаның психологиялық ресурстарының маңыздысы және анықтаушы ретінде айқындалды. Сонымен қатар өмірдегі түрлі мәселелік жағдаяттардың негізіндегі қайшылықтарды тауып, олардан «қашпай», саналы аңғару ғана оларды оңтайлы шешудегі тұлғаның субъектілігі мен психологиялық дайындығының деңгейлерін білдіреді.

Дегенмен өмірде, іс-әрекетте, қарым-қатынаста мәселелік жағдаяттардың пайда болуын, мазмұнын студенттердің түсіне алу мүмкіндіктерімен, саналы аңғаруымен байланысты. Сондықтан кез келген тіршілік әрекеті – іс-әрекет, қарым-қатынас барысында пайда болатын қарама-қайшылықтарды студенттердің саналы түрде қабылдауы, аңғаруы қажет.

Сонымен қатар тұлғаның тіршілігіндегі әрбір әлеуметтік-психологиялық мәселе оның өз өміріне қанағаттануын төмендетіп қана қоймайды. Біз бұл мақалада студенттердің өмір сапасын арттыруды өзекті ететін әр әлеуметтік-психологиялық мәселе басқаларымен байланысты, тәуелді болады деп санаймыз. Бұл болжамды сауалнамаға студенттердің берген жауаптарымен тексереміз.

Нәтижелер және талқылау

Сыналушылар өзінің осы шақтағы өміріне толымды қанағаттануына кері әсер ететін әлеуметтік-психологиялық мәселелердің толық тізімі алынды. Сыналушылар жауаптарындағы қайталанбайтын әлеуметтік-психологиялық мәселелер 114 құрамнан жинақталды. Олар мазмұны бойынша жалпыланып, төмендегідей 9 санатқа топтастырылды:

1. Кейбір тұлғалық ерекшеліктер: сенімсіздік; ұялшақтық; қорқақтық; жалқаулық; сенгіштік; күмәншілдік; енжарлық т.с.с.

2. Андрометрикалық көрсеткіштер: салмақтың артуы; түр-әлпетке көңіл толмау; дене бітіске және дене сымбатқа қанағаттанбау; физикалық белсенділікке жағдайдың болмауы т.с.с.

3. Қарым-қатынасқа байланысты мәселелер: дос-жаран арасындағы сенімсіздік; жақын тұтқан адамдармен өзара түсінісудегі қиындықтар; әлеуметтік ортада белсенділік таныта алмау; іс-әрекетте бастамашылдықтың жетіспеуі; ортада тұйықтық позиция; дос-құрбылардың сатқындығы; т.с.с.

4. Оқу іс-әрекетіне қатысты мәселелер: сәтсіздікке бой алдыру; оқытушылардың бағалауына көңілдің толмауы; терең білімге, кәсіби тәжірибені ұлғайтуға уақытты жеткізе алмау; оқу процесінде өзара әрекеттестікті тиімді орната алмау; тұрақты білім меңгеруге ерік-жігердің жетіспеуі; кейбір оқытушылардың әділетсіздігі т.с.с.

5. Тұрмыс жағдайына, тіршілік әрекетіне байланысты мәселелер: мекен-жайдағы жағдаймен қанағаттанбау; күн тәртібін сақтауға, оқуға, ұйқы қандыруға, демалуға мүмкіндіктің жеткіліксіздігі т.с.с.

6. Материалдық жағдайлардан туындайтын мәселелер: материалдық жағдайды арттыру мүмкіндігінің болмауы; қаржының жеткіліксіздігі; қаржыны үнемдей алмау; материалдық жағынан тәуелсіздіктің болмауы; материалдық жағдайға байланысты дәрменсіздікті сезіну т.с.с.

7. Әлеуметтік ортаның қабылдауына байланысты мәселелер: ортада студенттің жасқа, жынысқа қатысты кейбір әлеуметтік рөлдерінің адекватты қабылданбауы; ортада өз тілегіңе орай орын табудың қиыншылығы; болашақтың бұлыңғырлығы; ассертивті позицияның жеткіліксіздігі; өзін-өзі таныту, өзін-өзі актуалдандыруға ортадағы кедергілер; ортада деморализациялық жағдай т.с.с.

8. Отбасылық мәселелер: отбасындағы кикілжіңдер; отбасындағы қаржылық, әлеуметтік жағдайлардың ауырлығы; жақын адамның денсаулығындағы мәселелер; жақын, туыс адамдар арасындағы депривациялық мінез-құлықтар мен бейәлеуметтік әдеттер т.с.с.

9. Денсаулыққа байланысты мәселелер: медициналық негізде диетаны ұстана алмау; шаршау, қажу жайттары; денсаулықтың нашарлауы; қорқыныш, стресс, депрессия белілерінің кездесуі; шылым шегу, алкоголь тұтыну т.с.с.

Қорғаныс механизмінің шектік деңгейлерінің көрінісі: зерттеуге қатысқан 7 студент өздерінде ешқандай мәселе түбегейлі жоқ екендігін мәлімдеді. Бұл жағдай олардың саналы түрде аңғарылмаған, тереңде жатқан мәселелерінің бар екендігін және осы орайдағы қорғаныс механизмдерінің ықпалын танытады.

Осы әлеуметтік-психологиялық мәселелердің санаттары бойынша студенттердің жауаптарына сәйкес орташа шамалар көрсетіліп, кестеге салынды (1-кесте, 11 б.).

Барлық санат бойынша әлеуметтік-психологиялық мәселелердің орташадан жоғары, жоғары бағалануы біздің зерттеудің өзектілігі мен маңызын аша түседі.

Әр санаттағы мәселелердің статистикалық өзара айырмашылықтары мәнді еместігі орта тенденциялық көрсеткіштерден айқын көрінеді. Дегенмен кейбір санаттар – тұрмыс жағдайына, тіршілік әрекетіне байланысты мәселелер; материалдық жағдайлардан туындайтын мәселелер және қарым-қатынасқа байланысты мәселелерді сыналушы студенттер әлдеқайда жоғары бағалайды.

Кесте 1 – Студенттердің әлеуметтік-психологиялық мәселелерінің көрсеткіштері

	Мәселе санаттары	М	δ
1.	Кейбір тұлғалық ерекшеліктер	7,27	0,96
2.	Андропометрикалық көрсеткіштер	7,04	1,11
3.	Қарым-қатынасқа байланысты мәселелер	8,70	1,15
4.	Оқу іс-әрекетіне қатысты мәселелер	7,63	1,17
5.	Тұрмыс жағдайына, тіршілік әрекетіне байланысты мәселелер	8,91	1,38
6.	Материалдық жағдайлардан туындайтын мәселелер	8,78	0,97
7.	Әлеуметтік ортаның қабылдауына байланысты мәселелер	7,67	1,20
8.	Отбасылық мәселелер	6,05	1,52
9.	Денсаулыққа байланысты мәселелер	5,49	1,63
	Барлығы	7,504	1,232
Ескертпе: М – мәселелердің балдық үлесі бойынша орташа мәндер; δ – стандартты ауытқу.			

Сыналушылардың көпшілігі кәсіби практика кезінде білім алуды тәжірибемен ұштастыруға қанағаттана қоймайтындарын; оқу іс-әрекетінің ЖОО-да ұйымдастырылуы толықтай инклюзивті еместігін; меңгерілген білім бағалаудың даралығы, саралануы болмай, жалпылық сипатын нақтылаған. Бұл мәселелерді талдап, топтастырғанда оқу іс-әрекетіне қатысты мәселелердің мазмұны ерекше назар аудартады.

Әлеуметтік-психологиялық мәселелерді сыналушылар бағалап, одан әрі оның мазмұнын ашық түрде бейнелей алған. Мысалы, сыналушылар тарапынан оқу іс-әрекетке қатысты мәселелер мазмұны ашылған: «соншама көп тапсырмаларды қай кезде орындап бітіруге болады?», «кейбір оқылатын пәндердің/материалдардың болашақ мамандыққа нақты қатысы жоқ емес пе?», «лекция кезінде біз материалды ұғып, тыңдап отыруымыз керек пе, әлде, жазуымыз керек пе?», «кейбір материалдар түсініксіз болса, одан кейінгі тақырыптарды қалай меңгеруге болады?», «тесттік бақылаудан сүрінбей өту үшін жазылған лекцияларды, оқулықтағы анықтамаларды жаттай беру керек пе?», «кейін практикада қолдана алатын материалды білсек болды емес пе?», «мәтіндегінің барлығы маңызды сияқты, бірақ оның бәрін қалай есте сақтау керек?», «сабақта нақты әрекет жасауға үйренбесек, теорияны білгеннің пайдасы не?», «кейде мәтін тек ғылыми ұғымдардан тұрады, оны қанша оқысам да түсіне алмасам/ұмытып қалсам, не істеймін?», «теорияны өмірдегі жағдайлармен байланыстырса, бірден түсінер ме едік?» және т.с.с.

Шешілуі өмір сапасының деңгейлерін анықтайтын әлеуметтік-психологиялық мәселелердің арасында статистикалық мәнді корреляциялар Пирсон коэффициенті бойынша есептелді. Өртүрлі санаттар арасындағы корреляциялардың мәні орташадан күштіге дейін ауытқиды ($r = 0,305$ -тен $r = 0,789$ -ке дейін).

Кесте 2 – Айнымалылардың арасындағы орташа мәндер

		1	2	3	4	5	6	7	8	9
1	Кейбір тұлғалық ерекшеліктер	-								
2	Андропометрикалық көрсеткіштер	0,319	-							
3	Қарым-қатынасқа байланысты мәселелер	0,558	0,621	-						
4	Оқу іс-әрекетіне қатысты мәселелер	0,467	0,588	0,751	-					
5	Тұрмыс жағдайына, тіршілік әрекетіне байланысты мәселелер	0,516	0,707	0,656	0,723	-				

2-кестенің жалғасы

6	Материалдық жағдайлардан туындайтын мәселелер	0,360	0,712	0,463	0,557	0,789	-			
7	Әлеуметтік ортаның қабылдауына байланысты мәселелер	0,694	0,754	0,699	0,492	0,644	0,765	-		
8	Отбасылық мәселелер	0,573	0,325	0,700	0,581	0,705	0,728	0,534	-	
9	Денсаулыққа байланысты мәселелер	0,311	0,596	0,305	0,499	0,421	0,493	0,418	0,625	-
Ескертпе: Барлық корреляциялар $p < 0,001$ бойынша статистикалық мәнді.										

Әлеуметтік-психологиялық мәселелерінің арасындағы байланыстардан сыналуды студенттердің өз өміріне қанағаттануы кешенді тұрғыны қажет ететінін бейнелейді. Басқаша айтқанда, бір ғана әлеуметтік-психологиялық мәселенің шешімін табу арқылы студенттердің өмір сапасын арттыру мүмкін емес. Олай болса, студенттердің өз өміріне қанағаттануы үшін өз өмірінің «сценаристі, режиссері және актері» (С.Л. Брушлинский) болатындай оларда субъектілікті дамыту қажетті шарт деп ұстанамыз.

Қорытынды

Тақырыпқа қатысты зерттеулер көрсеткендей, жастардың, болашақ мамандардың өмір сапасының төмендігі, өз өміріне қанағаттанбауы, әлеуметтік-психологиялық мәселелердің ауқымдылығы мен шешімдерін таппауы олардың психикалық денсаулығы мен тіршілік әрекеттеріне қауіпті болады.

Сыналуды студенттердің тіршілік саласында әлеуметтік-психологиялық мәселелердің ауқымдылығы, әр жақтылығы, көп факторлығы анықталды. Осы факторлардың барлығы жастардың әл-ауқатына зиянды әсер етеді. Алынған мәліметтер сыналудың өз өмір сапасына қанағаттана қоймайтынын көрсетеді. Әрі бұл мәселелер жастарда күйзелістің жоғарылауына ықпал етуі мүмкін.

Олай болса, студенттердің оқу-кәсіби іс-әрекет барысында өз өмір тіршіліктерін психологиялық парасаттылық деңгейінде аңғарып, қабылдауға қажетті қасиеттерді, дағдыларды субъектілік позициямен өзіндік дамуға бағдарлануы өзекті болады.

Сонымен қатар сыналудың сауалнаға берген жауаптарынан біздің қоғамда жалпы жастардың, ЖОО студенттерінің өмір сапасын арттыру үшін психологиялық, әлеуметтік, физикалық және экономикалық мәселелерді шешуге атсалысу стратегияларын жүзеге асырудың қажеттігі туралы ақпарат береді. Осы тұрғыдан алғанда, үкімет, саясаткерлер деңгейінде әлеуметтік-психологиялық мәселелерді анықтап, шешімін табу, көмектесу, қолдау шаралары жастардың өз өміріне қанағаттану сезімін өзекті етіп, қоғамда буллинг, оскаркизм жағдайларынан суицидке дейін тосқауыл болар еді.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Karimi M., Brazier J. Health, health-related quality of life, and quality of life: what is the difference? // *Pharmacoeconomics*. 2016. Vol. 34. P. 645–649.
- 2 Moons P., Budts W., De Geest S. Critique on the conceptualisation of quality of life: a review and evaluation of different conceptual approaches // *International journal of nursing studies*. 2006. Vol. 43. No. 7. P. 891–901.
- 3 Whoqol Group et al. The World Health Organization quality of life assessment (WHOQOL): position paper from the World Health Organization // *Social science & medicine*. 1995. Vol. 41. No. 10. P. 1403–1409.
- 4 Ерментаева А.Р. Бейсубъектіліктің психологиялық предикторлары // *Eurasian Journal of Current Research in Psychology and Pedagogy*. 2023. No. 3. P. 7-14. URL: <https://doi.org/10.46914/2959-3999-2023-1-3-7-14>

- 5 Gabriele M. et al. Italian medical students quality of life: years 2005-2015 // *Annali Di Igiene Medicina Preventiva e Di Comunita*. 2016. Vol. 28. No. 4. P. 245–251.
- 6 Ghassab-Abdollahi N. et al. Association of quality of life with physical activity, depression, and demographic characteristics and its predictors among medical students // *Journal of Education and Health Promotion*. 2020. Vol. 9. No. 1. P. 147.
- 7 Serinolli M.I., Novaretti M.C.Z. A cross-sectional study of sociodemographic factors and their influence on quality of life in medical students at Sao Paulo, Brazil // *PLoS One*. 2017. Vol. 12. No. 7. P. 0180009.
- 8 Шамионов Р.М. Субъективное благополучие личности: психологическая картина и факторы. – Саратов, 2008. – 294 с.
- 9 Ерментаева А.Р. Болашақ мамандардың субъектілік даму ерекшеліктері. – Астана: ЖҚС «Идеал ІС 2009», 2018. – 280 б.
- 10 Ерментаева А.Р. Субъектілік даму психологиясы. – Нұр-Сұлтан: ЖҚС «Идеал ІС 2009», 2019. – 262 б.
- 11 Adilzhanova A., Turganbayeva B., Yermantayeva A., Aubakirova Z., Kulmysheva N., Oralbekova B. Specific features of the training seminar in order to improve the subjective well-being of students. *Cypriot Journal of Educational Science*. 2022. No. 17(4), P. 1373–1384. URL: <https://doi.org/10.18844/cjes.v17i4.7161>
- 12 Зинченко В.П., Моргунов Е.Б. Человек развивающийся. Очерки российской психологии. – М., 1994. – 304 с.

REFERENCES

- 1 Karimi M., Brazier J. (2016). Health, health-related quality of life, and quality of life: what is the difference? // *Pharmacoeconomics*. Vol. 34. P. 645–649. (In English).
- 2 Moons P., Budts W., De Geest S. (2006) Critique on the conceptualisation of quality of life: a review and evaluation of different conceptual approaches // *International journal of nursing studies*. Vol. 43. No. 7. P. 891–901. (In English).
- 3 Whoqol Group et al. The World Health Organization quality of life assessment (WHOQOL): position paper from the World Health Organization // *Social science & medicine*. 1995. Vol. 41. No. 10. P. 1403–1409. (In English).
- 4 Ermentayeva A.R. (2023) Beisubektılıqtıñ psihologialyq prediktorlary // *Eurasian Journal of Current Research in Psychology and Pedagogy*. No. 3. P. 7-14. URL: <https://doi.org/10.46914/2959-3999-2023-1-3-7-14>. (In Kazakh)
- 5 Gabriele M. et al. (2016) Italian medical students quality of life: years 2005-2015 // *Annali Di Igiene Medicina Preventiva e Di Comunita*. Vol. 28. No. 4. P. 245–251. (In English).
- 6 Ghassab-Abdollahi N. et al. (2020) Association of quality of life with physical activity, depression, and demographic characteristics and its predictors among medical students // *Journal of Education and Health Promotion*. Vol. 9. No. 1. P. 147. (In English).
- 7 Serinolli M.I., Novaretti M.C.Z. (2017) A cross-sectional study of sociodemographic factors and their influence on quality of life in medical students at Sao Paulo, Brazil // *PLoS One*. Vol. 12. No. 7. P. 0180009. (In English).
- 8 Shamionov R.M. (2008) Sub#ektivnoe blagopoluchie lichnosti: psihologicheskaja kartina i faktory. Saratov, 294 p. (In English).
- 9 Ermentayeva A.R. (2018) Bolaşaq mamandardıñ subektılık damu erekşelikteri. Astana: JQS «İdeal İS 2009», 280 p. (In Kazakh).
- 10 Ermentayeva A.R. (2019) Subektılık damu psihologiasy. Nūr-Sūltan: JQS «İdeal İS 2009», 262 p. (In Kazakh).
- 11 Adilzhanova A., Turganbayeva B., Yermantayeva A., Aubakirova Z., Kulmysheva N., Oralbekova B. (2022). Specific features of the training seminar in order to improve the subjective well-being of students. *Cypriot Journal of Educational Science*. No. 17(4), P. 1373–1384. URL: <https://doi.org/10.18844/cjes.v17i4.7161>. (In English).
- 12 Zinchenko V.P., Morgunov E.B. (1994) Chelovek razvivajushhijsja. Ocherki rossijskoj psihologii. M., 304 p. (In English).

ЕРМЕНТАЕВА А.Р.,*¹

д.пс.н., профессор.

*e-mail: a.ermentayeva@turana.edu.kz

ORCID ID: 0000-0002-6860-384X

КОЛЕВА И.,²

д.п.н., профессор.

e-mail: kolevaira@gmail.com

ORCID ID: 0000-0002-4881-5482

¹Университет «Туран»,

г. Алматы, Казахстан

²Софийский университет

Св.Климента Охридского,

г. София, Болгария

СОЦИАЛЬНО-ПСИХОЛОГИЧЕСКИЕ ПРОБЛЕМЫ В ЖИЗНЕДЕЯТЕЛЬНОСТИ СТУДЕНТОВ

Аннотация

В статье проанализировано качество жизни студентов и важность их удовлетворенности жизнью. Качество жизни студентов, их удовлетворенность жизнью и социально-психологические проблемы в их жизни были рассмотрены во взаимосвязи друг с другом. В результате теоретического анализа были установлены социально-психологические проблемы студентов как детерминанты, факторы, предпосылки качества их жизни, удовлетворенности своей жизнью. Социально-психологические проблемы в жизни студентов определялись по ответам на опрос 521 будущего специалиста, обучающегося по психолого-педагогическим образовательным программам городов Алматы, Астаны, Семей, Усть-Каменогорска, Павлодара в 2023–2024 учебном году. Стала известна интегрированность социально-психологических проблем, полученная из ответов испытуемых. Сто четырнадцать социально-психологических проблем, выявленных в результате анализа, были выделены и классифицированы по девяти категориям. Значения количественных показателей в каждой категории определяли масштабность, многоаспектность и многофакторность социально-психологических проблем в жизнедеятельности студентов. Кроме того, коэффициент корреляции Пирсона показал, что взаимосвязь и взаимосвязь социально-психологических проблем в жизни студентов статистически значимы. Выявленные на уровне статьи социально-психологические проблемы в жизнедеятельности студентов показали, что повышение качества их жизни и уровень удовлетворенности собственной жизнью являются очень сложной и актуальной проблемой в современном казахстанском обществе.

Ключевые слова: качество жизни, удовлетворенность жизнью, социально-психологические проблемы, противоречие, студент, субъект, субъектность.

YERMENTAYEVA A.R.,*¹

d.ps.s., professor.

*e-mail: a.ermentayeva@turana.edu.kz

ORCID ID: 0000-0002-6860-384X

KOLEVA I.,²

d.p.s., professor.

e-mail: kolevaira@gmail.com

ORCID ID: 0000-0002-4881-5482

¹Turan University,

Almaty, Kazakhstan

²Sofia University «St.Kliment Ohridski»

Sofia, Bulgaria

SOCIO-PSYCHOLOGICAL PROBLEMS IN THE LIFE ACTIVITIES OF STUDENTS

Abstract

The article analyses the quality of life of students and the importance of their life satisfaction. The quality of life of students, their life satisfaction and socio-psychological problems in their lives have been considered in the relationship with each other. And as a result of theoretical analysis the socio-psychological problems of students

as determinants, factors, prerequisites of their quality of life, satisfaction with their life were established. Socio-psychological problems in the life of students were determined by the answers to the survey of 521 future specialists studying on psychological and pedagogical educational programs of Almaty, Astana, Semey, Ust-Kamenogorsk, Pavlodar cities in 2023–2024 academic year. Integration of socio-psychological problems obtained from the answers of the test subjects became known. One hundred and fourteen socio-psychological problems identified as a result of the analysis were identified and classified into 9 categories. The values of quantitative indicators in each category determined the magnitude, multidimensionality and multifactorial of socio-psychological problems in students' life activities. In addition, Pearson's correlation coefficient showed that the interdependence and interrelationship of socio-psychological problems in students' life are statistically significant. Identified at the level of the article socio-psychological problems in the life activities of students showed that improving the quality of their lives and levels of satisfaction with their own lives is a very complex and urgent problem in modern Kazakhstani society.

Key words: quality of life, life satisfaction, socio-psychological problems, contradiction, student, subject, subjectivity.